



«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директоры

Т. Нұркешов

2016 жылғы «___» _____

Математика пәні бойынша халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлерді іріктеу өлшемшарттары (бұдан әрі-өлшемшарттар)

1. Осы өлшемшарттар математика пәні бойынша халықаралық олимпиадаға қатысу үшін оқу-жаттығу жиындарына қатысуға үміткерлердің құрамын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 45 бұйрығының 12 және 16-тармақтарына сәйкес әзірленді.

2. Олимпиадалық резервтің оқу-жаттығу жиындарына қатысушылардың құрамын қалыптастыру: Республикалық олимпиаданың қорытынды кезеңінің (бұдан әрі-РО) қорытындысы бойынша 10-11 (12) сынып оқушылары (олимпиадалық тапсырмалар бірдей) арасында 30 жеңімпаз бен жүлдегер (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) және 9-сынып оқушыларының арасында ең көп ұпай жинаған 6 жеңімпаз бен жүлдегерлер рейтингі жасалады.

Ескерту: егер 9-сыныпта 6 орынды бірдей ұпай жинаған бірнеше оқушы алса, қатысушылардың санын арттыруға рұқсат етіледі.

3. РО қатысушыларының рейтингін жасау кезінде төрт олимпиаданың нәтижелері ескеріледі (Халықаралық Жәутіков олимпиадасы, Халықаралық қашықтық Азия-Тынық мұхит математикалық олимпиадасы, «Жібек жолы» халықаралық математикалық олимпиадасы және РО). Қатысушылар үшін РО коэффициенті мыналарды құрайды: 9-сынып (x 0,6-ға), 10 және 11-сыныптар үшін (x 1,0-ға). Оқу-жаттығу жиындарына қатысушыларды іріктеу сандық құрамы - кемінде 18 оқушы.

№	Қатысушының аты-жөні	сыныбы	Нәтижелері				Барлығы
			Халықаралық Жәутіков олимпиадасы	Халықаралық қашықтық Азия-Тынық мұхит олимпиадасы	«Жібек жолы» халықаралық математика олимпиадасы	Республикалық олимпиада	
			25%	25%	25%	25%	100%

4. Математикадан халықаралық Балқан олимпиадасына (ВМО) қатысу үшін олимпиада командасының құрамын қалыптастыру: математикадан халықаралық Балқан олимпиадасына қатысу үшін олимпиада командасының құрамын қалыптастыру кезінде ағымдағы жылдың келесі халықаралық олимпиадаларға қатысу нәтижелері ескеріледі:

№	Қатысушының аты-жөні	сыныбы	Нәтижелері			Барлығы
			Халықаралық Жәутік олимпиадасы	Халықаралық қашықтық Азия-Тынық мұхиты олимпиадасы	«Жібек жолы» халықаралық математика олимпиадасы	
			35%	35%	30%	100%

4. Математикадан халықаралық олимпиадаға (бұдан әрі - МХО) қатысу үшін құрама команда құрамына іріктеу оқу-жаттығу жиындары:

Құрама команда құрамын сапалы іріктеу мақсатында іріктеу оқу-жаттығу жиындарында кемінде 4-5 аралық олимпиада өткізіледі. Оқу-жаттығу жиындары іріктеу олимпиадаларының тапсырмаларының күрделілік деңгейі МХО міндеттерінің деңгейінен төмен емес.

Әр олимпиада 3 тапсырмадан тұрады. Олимпиадалық математиканың кез-келген екі бөлімі арасындағы есептер саны: алгебра, комбинаторика, геометрия және сандар теориясы бір тапсырмадан аспайтын болады.

Ескертпе: ХМО-ға қатысу үшін белгіленген шектеуден асқан (20 жастан аспаған) білім алушылар іріктеу оқу-жаттығу жиындарына қатыса алмайды.

Ескертпе: егер қатысушы аралық олимпиадалардың кез-келгеніне қатыса алмаған жағдайда, онда осы олимпиадаға 0 ұпай қойылады. Егер оқушы бейресми түрде халықаралық олимпиадаға қатысса, онда оның нәтижелері ресми хаттамада болған жағдайда ғана есептелетін болады.